

**"2025 жылға арналған тыңайтқыштарға (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялардың тізбесі мен нормаларын бекіту туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 29 мамырдағы № 145 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 18 қарашадағы № 333 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 18 қарашада № 37434 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабының 1-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2025 жылға арналған тыңайтқыштарға (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялардың тізбесі мен нормаларын бекіту туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 29 мамырдағы № 145 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10484-10 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай облысының әкімі*

*К. Аксакалов*